



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Ғылым академиясының
жалпы жиналысының
2024 жылғы «27» тамыздағы
№3 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының
Ғылыми әдеп кодексі**

Алматы, 2024

1 тарау. Анықтамалар мен қысқартулар

1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының осы Ғылыми әдеп кодексінде келесі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Академия - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы.

2) Кодекс – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының осы Ғылыми әдеп кодексі.

3) Комитет - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ғылыми әдеп жөніндегі комитеті, ғылыми әдептің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында осы Кодекске сәйкес құрылатын алқалы сараптама органы.

4) Ғылыми әдепті бұзу - осы Кодекстің 3.5.-тармағында көрсетілген адамның осы Кодекске қайшы келетін және (немесе) 8-тарауда көрсетілген, Қазақстан Республикасы Академиясының және (немесе) ғылыми қоғамдастығының беделіне нұқсан келтірген әрекеттер жасауы.

5) Ғылыми адалдық – ғылыми қызметке тартылған зерттеушілер мен басқа да персоналдың сәйкес емес бірлескен авторлық фактілері, плагиат жасау, бастапқы, аралық деректер мен ғылыми нәтижелерді ойдан шығару және бұрмалау фактілеріне жол бермеуінен көрінетін ғылыми әдеп элементі.

6) Ғылыми әдеп – осы Кодексте белгіленген, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және басқару, ғылыми нәтижелерді пайдалану процесінде орындау, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, конференцияларда, кеңестерде және басқа да жария іс-шараларда ғылым және ғылыми қызмет мәселелері бойынша сөз сөйлеу үшін міндетті болып табылатын нормалар мен қағидаттар жүйесі.

7) Белгіленген рәсімдер – Академияның Жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында белгіленген органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу құзыреті, тәртібі.

8) Академия мүшесі - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының толық немесе құрметті академигі.

1.2. Осы Кодекстің 1.1.-тармағында сипатталмаған терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, ғылыми әдебиетте көрсетілген немесе тиісті салаларда тәжірибеде қабылданған анықтамаларға сәйкес түсіндіріледі.

2 тарау. Жалпы ережелер

2.1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы (бұдан әрі - Академия) өз қызметінде Қазақстан Республикасының халықаралық ғылыми қоғамдастықтың белсенді, сенімге ие және беделді қатысушысы болуға ұмтылатынын негізге алады, ол ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың танылған ғылыми әдістері мен қағидаттары негізінде әлемдік табысты баламалардан кем түспейтін ғылыми білім мен нәтижелерді өндіру арқылы елдің дамуына барынша үлес қосады.

2.2. Академияның миссиясы, көзқарасы мен құндылықтары <https://ru.qazscience.gov.kz/about-us/mission-science-academy/> ресми веб-сайтта жарияланған.

2.3. Академия (i) алқалылықты, (ii) әртүрлі идеялар мен пікірлердің болуын және (iii) ғылыми ортаның ажырамас сипаттамалары ретінде сындарлы сынның болуын таниды және белгіленген рәсімдерге сәйкес және Академияның тиісті органдарының құзыреті шегінде сынға негіз болған мәселелерді кәсіби талқылауды және оңтайлы шешімдер іздеуді қолдайды.

Сынға негіз болған мәселелер бойынша шешімдерді Академия, егер бұл жалпыға бірдей танылған этикалық нормаларға сәйкес келсе, шешімнің әрбір нұсқасына байланысты күтілетін пайда мен тәуекелдердің арақатынасын бағалау арқылы, Қазақстан Республикасының ғылыми қоғамдастығы үшін пайдаға сүйене отырып, келесі негізде қабылдайды:

- 1) осы Кодекстің 4.1.-тармағында келтірілген ғылыми әдеп анықтамалары;
- 2) осы Кодекстің 4.2.-тармағында көрсетілген ғылыми әдеп қағидаттары;

- 3) сұрақтың мазмұны туралы барлық белгілі фактілер;
- 4) мәселе бойынша әртүрлі, тиісінше негізделген ұстанымдар.

2.4. Академияның ғылыми әдепті сақтауға негізгі тәсілі осы Кодекстің 3.4.- тармағында көрсетілген ғылыми және ғылыми-сараптамалық қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде ғылыми әдептің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларға, мәлімдемелерге немесе әрекеттерге жол бермеу болып табылады.

3 тарау. Қолдану саласы

3.1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының осы ғылыми әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Академия Жарғысының 105-тармағына сәйкес әзірленді және ғылыми зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және басқару, ғылыми нәтижелерді пайдалану, Академия атынан бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, конференцияларда, кеңестерде және т. б. ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті дамыту мәселелері бойынша сөз сөйлеу процесінде этикалық мінез-құлық стандартын, сондай-ақ ғылыми этиканы бұзу фактілерін анықтау кезіндегі іс-қимыл тәртібін айқындайды.

3.2. Қолданыстылығын ескере отырып, Кодексті әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттарында баяндалған және технологиялық көшбасшы мемлекеттердің ғылым жүйелерінде қолданылатын ғылыми этикаға көзқарастар ескерілді (пайдаланылған дереккөздердің тізімін қараңыз, 25–бет).

3.3. Осы Кодекстің мақсаттары:

- 1) Қазақстан Республикасының ғылыми қоғамдастығында әлемде танылған ғылыми әдеп нормалары мен қағидаттарына негізделген мәдениетті ілгерілету;
- 2) ғылыми зерттеулермен байланысты пайданы барынша арттыру және тәуекелдерді барынша азайту;
- 3) ғылыми зерттеулер нәтижелерінің дәлдігін, дұрыстығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 4) ғылыми зерттеулерге қатысушылардың тиісті кәсіптік ортаға құқықтарын қорғау;
- 5) мемлекеттік органдар, кәсіпкерлік субъектілер, кәсіптік және қоғамдық

бірлестіктер, әлемдік ғылыми қоғамдастық және тұтастай алғанда қоғам тарапынан Қазақстан Республикасының ғылыми қоғамдастығы мен ғылыми нәтижелеріне жоғары сенім дәрежесін қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының ғылыми қоғамдастығының әлемдік ғылыми қоғамдастықтағы рөлін арттыру және жетістіктерін таныту.

3.4. Кодекстің күші Академияның ғылыми және ғылыми-сараптамалық қызметінің келесі түрлеріне қолданылады:

1) (i) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды, (ii) ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және (iii) ғылыми зерттеулерге байланысты басқа да іс-шараларды әзірлеуді қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды, ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және басқа да ғылыми зерттеулер жобаларын сараптау, оның ішінде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға, ұлттық ғылыми кеңестер мен ғылыми басылымдардың редакциялық алқаларына қатысу;

3) ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды басқару;

4) ғылыми нәтижелерді қолдану, ілгерілету және пайдалану;

5) экономика мен қоғамды дамытудың өзекті мәселелеріне ғылыми негізделген пікірлер дайындау;

6) Академияның жаңа мүшелерін сайлау, Академияға мүшелікті тоқтату, Академия мүшелерінің бағдарламаларын және олардың іске асырылуы туралы есептерді бекіту;

7) Академия атынан бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, конференцияларда, кеңестерде және басқа да жария іс-шараларда сөз сөйлеу;

8) ғылым саласындағы жетістіктері үшін марапаттар, сыйлықтар және стипендиялар беру;

9) Академия басылымдарында ғылыми нәтижелерді жариялау туралы шешімдерді келісу және (немесе) қабылдау;

10) Академия ішіндегі, сондай-ақ осы шешімдер Академияның қатысуымен қабылданатын салалардағы мансаптық тағайындаулар мен орын ауыстырулар туралы шешімдерді дайындау және қабылдау.

3.5. Кодекс келесілерге орындау үшін міндетті болып табылады:

- 1) Академия мүшелеріне;
- 2) Академия аппаратының басшылығы мен қызметкерлеріне;
- 3) Академия іске асыратын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға қатысатын ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми-зерттеу, инженерлік, техникалық, көмекші персоналына;
- 4) Академияның жас ғалымдар кеңесінің мүшелеріне;
- 5) осы Кодекстің 3.4-тармағында көрсетілген жекелеген мәселелерді шешу үшін Академия базасында құрылатын сабағат-кеңесші және сараптамалық органдардың, жұмыс топтарының және басқа да уақытша ұжымдардың мүшелері.

Академия іске асыратын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға қатысатын ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің персоналы осы Кодексті сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды, бұл тиісті шарттарда көрсетілуге тиіс.

3.6. Академияға жатпайтын ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілері және басқа ұйымдар осы Кодексті тиісті құжаттарда, Кодекске сілтеме көрсетіле отырып, өз қызметінде толық немесе ішінара пайдалануға құқылы.

4 тарау. Ғылыми әдеп

4.1. Академия ғылыми әдептің анықтамасын басшылыққа ала отырып, жасайтын әрекеттері:

- 1) қоғамда қабылданған моральдық құндылықтар жүйесіне сүйене отырып, дұрыс деп есептеледі;
- 2) жасампаздық сипатқа ие және экономиканы, қоғамды дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған;
- 3) тиісті салада негізделген оң өзгерістерге әкеп соғатын елеулі ғылыми нәтижелер алуға бағытталған;
- 4) ғылыми зерттеулер нәтижесінде теріс салдарлардың (залал келтірудің) тәуекелдерін барынша азайтады;

5) алынған нәтижелердің оң әсері іс-әрекеттердің ықтимал теріс салдарларының тәуекелдерінен едәуір асып түседі деп негізді түрде болжайды.

4.2. Ғылыми әдептің негізгі қағидаттары:

- 1) адалдық;
- 2) заңдылық;
- 3) объективтілік;
- 4) жауапкершілік
- 5) ашықтық;
- 6) кәсібилік.

4.3. **Адалдық** қағидаты келесіні білдіреді:

1) авторға белгілі барлық қателіктер мен белгісіздіктерді, сондай-ақ қателерді азайту үшін қабылданған шараларды көрсете отырып, екі ұшты немесе қате түсіндіруді болдырмайтын тұжырымдардағы ғылыми зерттеудің негізгі аспектілерін сипаттау;

2) ғылыми қоғамдастық тиісті ғылыми зерттеулер үшін дұрыстығын таныған әдістерді қолдану;

3) ғылымның тиісті салаларында оң беделі бар рецензияланатын басылымдарда бірегей ғылыми зерттеуге зияткерлік үлес қоспаған коммерциялық делдалдардың қатысуынсыз дайындалған ғылыми нәтижелерді дербес жариялау.

4.4. **Заңдылық** қағидаты мыналарды білдіреді:

1) ғылыми зерттеулерді жоспарлау, жүргізу, алынған ғылыми нәтижелерді тарату және қолдану процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол бермеу;

2) заңдылықты бұзу белгіленген тәртіппен санкцияланған зерттеу объектісі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдарды ғылыми зерттеулер процесінде анықталған заңдылықты бұзу фактілері туралы хабардар ету.

4.5. **Объективтілік** қағидаты мүдделер қақтығысының, жеке қызығушылықтың, адамның мәдени, кәсіби және басқа да сенімдердің адамның келесі шешімдеріне әсер етпеуін білдіреді:

- 1) ғылыми зерттеуді жоспарлау, жүргізу және алынған нәтижелерді

түсіндіруде;

2) зерттеу объектісі мен қатысушыларын айқындауда;

3) ғылыми-сараптамалық қарауға шығарылған мәселелерде, соның ішінде Академияның жаңа мүшелерін сайлауда, марапаттар, сыйлықтар мен стипендиялар беруде, қолжазбалар мен жарияланымдарға рецензия беруде, қаржыландыру үшін ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды іріктеуде және басқа да мәселелерді қоса алғанда;

Бұдан басқа, объективтілік ғылыми-зерттеу қызметіне және адам қабылдайтын шешімдерге, ғылыми дәстүрмен байланысты емес (ғылыми көзқарастардың, идеялар мен ұстанымдардың ортақтығына негізделмеген), кез келген әсерді алып тастауды көздейді, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей:

1) қысым көрсететін адамда биліктің болуынан туындайтын әкімшілік, саяси, моральдық және өзге де қысым;

2) шешім қабылдайтын адамның туыстары мен жақындарына қысым;

3) қорқыту, бопсалау және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер;

4) тікелей пара беру немесе ғылыми зерттеулер үшін қаржы ресурстарына қол жеткізуді шектеу қаупі.

Академия осы Кодекстің 3.5-тармағында көрсетілген адамдарға, осы Кодекстің 3.4-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыру процесінде ғылыми дәстүрмен байланысты емес кез келген әсерге жол берілмейді деп санайды және осындай ықпалдың жолын кесу бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдайды, оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) құқық қорғау органдарын дереу хабардар етеді және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орын алған фактілерді жариялайды.

4.6. Жауапкершілік қағидаты келесіні білдіреді:

1) қоғам, экономика және қоршаған орта үшін ғылыми зерттеулердің салдарын авторға белгілі барлық ақпаратқа негізделген объективті бағалау, сондай-ақ осы бағалау негізінде ғылыми қызметпен байланысты негізделген шешімдерді қабылдау;

2) адамның осы Кодекске сәйкес объективті дәлелдер мен негіздер келтіре отырып, атқарылған жұмысты, қорытындылар мен пайымдауларды түсіндіру және

негіздеу міндеті;

3) ғылыми зерттеулер процесінде қауіпсіздік техникасын сақтау және ғылыми зерттеуге қатысатын адамдарға зиян келтіру қаупін барынша азайту үшін басқа да ақылға қонымды, қолжетімді шараларды қабылдау;

4) өз жарияланымдарында анықталған, басқа зерттеушілерге, тиісті саланың субъектілеріне және (немесе) жалпы қоғамға зиян келтіруі мүмкін қателерді түзету үшін, оның ішінде жарияланымды түзету немесе кері қайтарып алу жолымен түбегейлі шаралар жасау;

5) Академияның қатысуын болжайтын немесе өкілдік етуге мүдделі салалық ғалымдар бірлестіктерін, комиссияларды, сарапшылар мен жұмыс топтарын қоса алғанда, Академияның әкімшілік және қоғамдық маңызы бар жұмыстарына және ғылыми бастамаларына қатысу;

6) ғылымды танымал етуге және ғылыми нәтижелерді практикалық қолданудың тиісті салаларына ілгерілетуге қатысу.

4.7. **Ашықтық** қағидаты келесіні білдіреді:

1) басқа зерттеушілерге автор алған ғылыми нәтижелердің дұрыстығын жаңғыртуға және дербес бағалауға мүмкіндік беретін ғылыми зерттеудің барлық аспектілерін баяндаудың толықтығы;

2) ғылыми нәтижелердің, ақпарат жинау, талдау және жиналған деректерді интерпретациялау көздерінің, әдістерінің адал және дәл сипаттамасы;

3) ғылыми нәтижелерді ашық қолжетімділікте және пайдаланушылар үшін қолжетімді нысанда уақтылы баяндау;

4) негізделген сұрау салу бойынша басқа зерттеушілерге, олар деректер көзі ретінде түпнұсқалық зерттеуге тиісті сілтемені көрсеткен жағдайда, ғылыми зерттеу тұжырымдары немесе ұсынылатын шешім үшін негіз болған бастапқы деректерді ұсыну;

5) әдептілік пен моральдің жалпыға бірдей қабылданған нормаларын сақтай отырып, академиялық пікірталастың дәлелді түрінде білдірілген ғылыми зерттеу объектісінің сынауын және баламалы көзқарастарын барабар қабылдау.

Кодекстің осы тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ашықтық қағидатын қолдану ғылыми нәтижелерге және (немесе) ғылыми зерттеу туралы

басқа ақпаратқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе ғылыми зерттеу шарттарымен шектелген жағдайларда қолданылмайды.

4.8. Кәсіпқойлық қағидаты келесіні білдіреді:

1) ғылымның тиісті саласында тиісінше қабылданған стандарттар мен нормаларды қоса алғанда, практиканы сақтау;

2) адамның біліктілігі, тәжірибесі мен білімі дәлелденген ғылыми фактілер негізінде дәлелді пайымдаулар жасауға мүмкіндік беретін мәселелердің мәні бойынша ғана тұжырымдар айту; егер мәселенің мәні бойынша дәлелденген ғылыми фактілер болмаған жағдайларда (i) айқындалған ұстаным болжам болып табылатынын және (ii) айқындалған болжам негізделген негіздемені міндетті түрде көрсете отырып, тұлғаның болжам білдіруіне жол беріледі;

3) жынысына, ұлтына, мәдени және басқа да жеке ерекшеліктеріне байланысты кемсітушіліктің кез келген нысандарын бас тартып, оң іскерлік ортаны қолдауды, ғылыми зерттеулерге қатысушыларға өзара құрмет пен тең қатынасты қамтитын инклюзивтілік;

4) негізгі жұмыс орны бойынша үздіксіз ғылыми қызметте, оның ішінде ғылымның тиісті салаларында оң беделі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда ғылыми зерттеулер нәтижелерін тұрақты жариялау жолымен көрініс тапқан белсенділік;

5) осы Кодекстің 3.5-тармағында көрсетілген адамдардың Академияның жүргізіліп жатқан жұмысы, миссиясы, пайымы мен құндылықтары туралы хабардар болуы;

6) адамның білімі, дағдылары мен тәжірибесі қарсыластардың жеке қадір-қасиетін қорлаусыз және кемсітусіз дәлелді пайымдаулар жасауға мүмкіндік беретін саладағы идеялар мен ғылыми зерттеулерге объективті, негізделген және құрметті түрде айтылған сын;

7) бірлескен авторлықты және басқа да пайданы қатысушылар арасында бөлуді қоса алғанда, қатысушылардың әрқайсысының ғылыми зерттеуге қосқан үлесін олардың алынған ғылыми нәтижелерге қосқан зияткерлік үлесіне барабар әділ мойындау.

4.9. Объектісі адам және (немесе) басқа тірі организмдер болып табылатын

ғылыми зерттеулерде Академия тиісті мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттарының талаптарын басшылыққа алады.

4.10. Адам объектісі болып табылатын ғылыми зерттеулерде Академия келесі негізгі қағидаттарды ұстанады:

1) ғылыми зерттеу туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығын және олардан алынған ақпаратты құпия пайдалануды қоса алғанда, зерттеу объектісі болып табылатын адамдарды құрметтеу.

2) зерттеу объектісі болып табылатын адамдар үшін ғылыми зерттеуге қатысудан түсетін пайданы басым қамтамасыз ету және аталған адамдар үшін зерттеуге қатысудан болатын ықтимал тәуекелдерді барынша азайту.

Зерттеуге жол берілмейді, егер:

1) зерттеу объектілері болып табылатын адамдар үшін теріс салдарлардың тәуекелдері зерттеу нәтижелерінің негізделген әлеуетті пайдасынан асып кетсе;

2) зерттеу объектісі болып табылатын адамдар тәуекелдердің негізгі бөлігін көтереді, ал ғылыми зерттеулердің пайдасын басқа адамдар пайдаланады.

4.11. Зерттеу объектісі болып табылатын адамдар үшін ғылыми зерттеулерге қатысудың пайдасы мыналар болуы мүмкін:

1) қаржылық - ғылыми зерттеуге қатысқаны үшін сыйақыны тікелей төлеу түрінде (ғылыми зерттеу бюджетінде тиісті ресурстар болған кезде);

2) қаржылық емес - ғылыми зерттеу нәтижелеріне қол жеткізуді ұсыну, өзін-өзі бағалауды арттыру, тұлға үшін өзекті проблеманы және басқаларды шешу жолымен жүзеге асырылады.

Пайда сипатына қарамастан, пайда туралы ақпарат зерттеу объектісі болып табылатын адамдарға зерттеу басталғанға дейін толық және қол жетімді түрде жеткізілуі керек.

4.12. Осы Кодекстің 4.10.-тармағында көрсетілген қағидаттарды сақтау үшін Академияның негізгі практикасы болып табылады:

1) **Ақпараттандырылған келісім.** Зерттеуді бастамас бұрын зерттеушілер зерттеу объектісі болып табылатын адамдарға (i) зерттеудің сипаты мен мақсаттарына, (ii) адамдардың зерттеуге қатысуы нақты не болып табылатынына,

(III) қандай ақпарат және қалай жиналатынына және (iv) одан әрі жиналған ақпарат қалай пайдаланылатынына қатысты нақты және жан-жақты түсініктемелер беруге міндетті.

Зерттеушілер зерттеу объектісі болып табылатын адамдарға арнайы терминдер мен көпшілікке белгісіз тұжырымдамаларды мүмкіндігінше аз қолдана отырып, олар үшін түсінікті, қол жетімді түрде ғылыми зерттеу туралы ақпарат береді, сондай-ақ ғылыми зерттеуге қатысуға байланысты адамдардың барлық ілеспе сұрақтарына жауап береді.

Мүмкіндігінше, зерттеу объектісі болып табылатын адамдар ғылыми зерттеуге қатысуға келісімнің жазбаша немесе өзге де құжатталған растамасын ұсынады. Бұл ретте зерттеу объектісі болып табылатын адамдар кез келген кезеңде өз келісімін қайтарып алу және олар үшін қандай да бір салдарсыз ғылыми зерттеуді жалғастырудан бас тарту құқығын сақтайды.

2) **Құпиялылық.** Академия зерттеу объектісі болып табылатын адамдардың ғылыми зерттеулерге жасырын қатысуына сүйенеді және оларды кез келген дәрежеде анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты ашпайды. Зерттеу объектісі болып табылатын адамдардан алынған ақпарат есептерге иесіздендірілген және (немесе) агрегатталған нысанда енгізіледі, ал бастапқы деректер бөгде адамдардың рұқсатсыз кіруі үшін мүмкіндіктерді барынша азайтатын жағдайларда сақталады.

Зерттеу объектісі болып табылатын адамдардан алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету зерттеушінің міндеті болып табылады. Ғылыми зерттеу жүргізетін зерттеушілер зерттеу объектісі болып табылатын адамдарға олар ұсынатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін қабылданған шараларды түсіндіреді.

4.13. Осы Кодекстің 4.12.-тармағында көрсетілген құпиялылық талаптары Академияның ғылыми және ғылыми-сараптамалық қызметіне қатысу процесінде осы Кодекстің 3.5.-тармағында көрсетілген тұлғаларға белгілі болған зерттеу объектілеріне қатысты кез келген дербес ақпаратқа қолданылады.

4.14. Объектісі адам болып табылатын ғылыми зерттеудің осы Кодекстің 4.10., 4.11. және 4.12.–тармақтарының талаптарына сәйкестігін зерттеу басталғанға

дейін Академияның Ғылыми әдеп жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) растайды.

5 тарау. Ғылыми адалдық

5.1. Ғылыми адалдық ғылыми әдептің маңызды элементі болып табылады және осы Кодекстің 3.5.-тармағында көрсетілген адамдарды **тиісті емес ғылыми практикаға** (*research misconduct*) **жол бермеуге** міндеттейді, атап айтқанда:

1) ойдан шығару - жалған деректер, ғылыми нәтижелер немесе ғылыми зерттеумен байланысты өзге де жағдайлар жасау және оларды зерттеу гипотезасын қолдау немесе теріске шығару үшін немесе өзге де жеке мүдделер үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүдделері үшін нақты ретінде ұсыну;

2) бұрмалау – жабдықты, материалдарды, деректерді және (немесе) зерттеу процесін жеке мүдделері мен үшінші тұлғалардың мүдделері үшін, оның ішінде ақпаратты өзгерту немесе жасыру, зерттеу барысын зертханалық журналдарда абайсызда көрсету жолымен және басқа да тәсілдермен айла-шарғы жасау;

3) плагиат - адамның басқа авторлардың идеяларын, мәтіндерін, процестерін, мәлімдемелерін және ғылыми қызметінің өзге де нәтижелерін өзіндік түпнұсқа жұмыс ретінде, түпнұсқа дереккөзге тиісті сілтемені көрсетпей иемденуі;

4) тиісті емес бірлескен авторлық (*inappropriate authorship*) - ғылыми зерттеуге және алынған ғылыми нәтижелерге елеулі зияткерлік үлес қоспаған тұлғаны (i) ғылыми жарияланым, (ii) ғылым саласындағы сыйлық немесе басқа да сыйлық алуға ұсынылған жұмыс, (iii) зияткерлік меншік объектілеріне қорғау құжатын немесе (iv) жеке және (немесе) кәсіби пайда әкелетін құжатталған басқа да ғылыми жетістіктердің бірлескен авторлар санына енгізу, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-техникалық жоба немесе бағдарлама орындаушыларының қатарына жатқызу.

5.2. Осы Кодекстің 5.1.-тармағының 4) тармақшасына қатысты авторлар (орындаушылар) қатарынан алып тастау өзіне қатысты алып тастау туралы мәселе қаралып жатқан адамның негізделген өтініші негізінде жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, орындалған жұмыстар мен алынған ғылыми нәтижелерге елеулі үлес қосқан тұлғаны бірлескен авторлар немесе орындаушылар қатарынан алып тастау да тиісінше бірлескен авторлық емес деп танылады.

5.3. Егер ниеттің болмауын адам сенімге лайық дәлелдемелерді пайдалана отырып растаса және Комитеттің қорытындысымен қолдау тапса, ғылыми зерттеу

процесінде жіберілген техникалық (қасақана емес) қате тиісті емес ғылыми практика болып саналмайды.

6 тарау. Мүдделер қақтығысы

6.1. Осы Кодекстің 3.5-тармағында аталған адамның жүктелген міндеттерді тиісінше орындауынан күтілетін және осы адамның жүктелген міндеттерді орындау нәтижесінде өзі немесе байланысты (аффилиирленген) адамдар үшін тікелей пайда алу мүмкіндігінен тұратын, ғылыми әдеп қағидаттарына тиісінше қайшы келуіне әкеп соғатын адамның міндеттерін орындауы жеке мүдделілігі арасындағы қайшылық мүдделер қақтығысы деп танылады.

6.2. Осы Кодекстің 6.1-тармағының мақсаттары үшін, байланысты (үлестес) тұлғалар:

1) жақын туыстары - ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;

2) адам еңбек немесе өзге де қатынастарда тұратын, олардан қаржы немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін ұйымдардың қызметкерлері;

3) мүдделер қақтығысы туралы мәселе қаралған күнге дейін алдыңғы үш жыл ішінде адам жариялаған (алған) ғылыми жарияланымдардың немесе зияткерлік меншік объектілерінің бірлескен авторлары;

4) мүдделер қақтығысы туралы мәселе қаралатын адамның басшылығымен диссертация қорғаған ғылыми консультант (басшы) немесе докторант (магистрант).

6.3. Адамның мүдделер қақтығысының болуын жасыру, сондай-ақ адамның мүдделер қақтығысы бар шешімдерді әзірлеуге және қабылдауға кез келген нысандағы әсері ғылыми әдепті бұзу болып табылады.

6.4. Академия әрбір (айқын және жасырын) мүдделер қақтығысы анықталып, тиісті түрде негізделуі керек деп санайды. Әрбір мүдделер қақтығысына қатысты адамның жүктелген міндеттерді орындауына теріс әсер етпеу үшін белгіленген рәсімдерге сәйкес кешенді шаралар қабылдануға тиіс.

Мүдделер қақтығысын қарау кезінде Академия мүдделер қақтығысы бар

адамды тиісті міндеттерден шеттету қажеттілігіне негізделеді, тек адамды шеттету қабылданған шешімнің сапасы мен салдарына сыни түрде әсер ететін жағдайларды қоспағанда.

6.5. Жүктелген міндеттерді орындауға байланысты барлық белгілі ақпарат негізінде мүдделер қақтығысын болжайтын тұлға міндетті түрде, еркін, жазбаша нысанда Академияның Ғылыми әдеп жөніндегі комитетіне (бұдан әрі – Комитет) мүдделер қақтығысы туралы мәлімдейді және мұндай болжамға қатысты мәні бойынша өтінішті қарау үшін жеткілікті көлемде негіздеме береді.

Егер мүдделер қақтығысы болжанатын адам мүдделер қақтығысының бар екенін мойындаса және мүдделер қақтығысы туындайтын жағдайға қатысты міндеттерді орындаудан бас тарту туралы өз еркімен мәлімдесе, Комитетке жүгіну талап етілмейді.

6.6. Комитет мүдделер қақтығысының болуын болжайтын адам ұсынған материалдарды қарайды және мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) адамның өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауына сәйкес келмейтін айқын мүдделер қақтығысының болуын растайды және мүдделер қақтығысы туындайтын жағдайға қатысты адамды міндеттерді орындаудан шеттетуді ұсынады;

2) белгілі бір жағдайларда айқын болуы мүмкін және адамның өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауына әкеп соғуы мүмкін мүдделердің жасырын қақтығысының болуын растайды;

бұл ретте:

- мүдделер қақтығысының сипаты (адамға жүктелген міндеттерді орындауға сәйкес келетін немесе сәйкес келмейтін) бағаланады;

- мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі - (i) мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша адамды міндеттерді орындаудан шеттету немесе (ii) аталған адам ұстануға тиіс мүдделер қақтығысының әсерін барынша азайтатын шарттарды ұсына отырып, адамды міндеттерді орындауға жіберу;

3) мүдделер қақтығысының жоқтығын растайды.

6.7. Комитеттің шешімі осы Кодекстің 7.7, 7.11-тармақтарына сәйкес қабылданады.

7 тарау. Ғылыми әдеп комитеті

7.1. Ғылыми әдептің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Академия арнайы алқалы сараптама органы - Ғылыми Әдеп жөніндегі комитетті (бұдан әрі – Комитет) құрады.

7.2. Комитеттің негізгі функциялары:

1) осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес мүдделер қақтығысы туралы өтініштерді қарау;

2) Академияның қатысуымен іске асырылуы жоспарланып отырған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды ғылыми әдепті сақтау үшін көзделген шараларды зерттеу міндеттерінің толықтығы мен сәйкестігі тұрғысынан қарау;

3) осы Кодекстің 4, 5, 6 және 8-тарауларына сәйкес ғылыми әдепті бұзу туралы негізделген күдік бар жағдайларды қарау.

7.3. Комитеттің құрамы Академия Президентінің бұйрығымен бір күнтізбелік жылға бекітіледі және көрсетілген кезең өткеннен кейін қайта бекітілуге тиіс.

Комитеттің құрамына бес мүше кіреді, олардың ішінде:

1) Академияның Жалпы жиналысы сайлайтын Академияның бір толық академигі;

2) Академия Төралқасы тағайындайтын Академияның бір толық академигі;

3) Академия Басқармасы тағайындайтын ғылыми дәрежесі бар Академия аппаратының бір қызметкері;

4) Академияның Жас ғалымдар кеңесі ұсынған Академияның Жас ғалымдар кеңесінің бір мүшесі;

5) бір тәуелсіз мүше - Академия Төралқасы ұсынған Академия мүшесі болып

табылмайтын ғалым.

Комитет мүшелері ерікті және өтеусіз негізде әрекет етеді. Комитет Төрағасын құрамды сайлағаннан кейін бірінші отырыста Комитет мүшелері сайлайды.

7.4. Комитеттің қызметін қамтамасыз ету үшін Академия Президенті Академия аппаратының қызметкерлері арасынан Комитет хатшысын тағайындайды.

Хатшы комитеттің мүшесі болып табылмайды, комитет отырыстарында дауыс беруге құқығы жоқ, бірақ келесі функцияларды орындайды:

- 1) өз бетінше немесе мәселе бастамашысының қатысуымен Комитеттің қарауына материалдар дайындайды және шығарады;
- 2) Комитеттің іс жүргізуін жүзеге асырады;
- 3) Комитет отырыстарын шақыруды және хаттамалауды жүзеге асырады;
- 4) Комитет шешімі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет отырысының хаттамасын дайындайды және қол қойылғаннан кейін оны Академияның ресми вебсайтында орналастыруды қамтамасыз етеді.

7.5. Осы Кодекстің 7.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде Комитет мынадай шешімдерінің бірін қабылдайды:

- 1) ғылыми әдепті сақтау жөніндегі іс-шараларды тиісті жоспарлауға байланысты Академияның ұсынылып отырған ғылыми зерттеуге қатысуын келісу;
- 2) Академияның ұсынылған ғылыми зерттеуге қатысуын ғылыми әдепті сақтау жөніндегі іс-шараларды көрсету бөлігінде ескертулер жойылғаннан кейін, негізделген ескертулерді көрсете отырып, келісу;
- 3) ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ғылыми әдепті бұзудың жоғары тәуекелдері себебінен ұсынылған ғылыми зерттеуге Академияның қатысуынан бас тартуды ұсыну.

Осы Кодекстің 7.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәселелерді қарау үшін Комитет жоспарланған ғылыми зерттеу саласында қажетті біліктілігі бар

Академияның басқа мүшелерін тартуға құқылы.

7.6. Комитет осы Кодекстің 3.5.-тармағында көрсетілген адамдардың ғылыми әдепті бұзғаны үшін негізделген күдіктері бар жағдайлар бойынша өтініштерді қарайды және қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қабылданған шешімді негіздей отырып, ғылыми әдеп бұзушылығының жоқтығы туралы;

2) қабылданған шешімді негіздей отырып және елеусіз бұзушылыққа жол берген адамды қайта бұзуға жол берілмейтіні туралы хабардар ете отырып, ғылыми әдепті елеусіз бұзу туралы;

3) ғылыми әдептің елеулі бұзылуы туралы, бұзушылыққа жол берген адамның жауапкершілігі туралы мәселені келесі қарауға шығара отырып:

- Академия Төралқасына - Академия мүшелері болып табылатын тұлғалар үшін;

- Академия Басқармасына - осы Кодекстің 3.5-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін;

- бұзушылыққа жол берген тұлға қызметкері болып табылатын ұйым басшылығына - осы Кодекстің 3.5-тармағының 3), 5) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін.

7.7. Комитеттің шешімдері ашық дауыс беру арқылы, жай көпшілік дауыспен қабылданады және Комитет хатшысы жасайтын хаттамамен ресімделеді.

Комитет қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Комитеттің хаттамамен ресімделген барлық шешімдері Академияның ресми вебсайтында жариялануға тиіс.

7.8. Қажет болған жағдайда Комитет түсініктеме беру үшін отырысқа келесі адамдарды шақыруға құқылы:

1) мүдделер қақтығысының болуын болжайтын адамдар - осы Кодекстің 7.2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның немесе жобаның

авторларын, басшысын және (немесе) жауапты орындаушыларын - осы Кодекстің 7.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде;

3) ғылыми әдепті бұзды деп күдіктелген адамдар - осы Кодекстің 7.2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде.

7.9. Қазақстан Республикасының Академиясы және (немесе) ғылыми қоғамдастығы үшін алғаш рет жасалған және беделге елеулі немесе өзге де залалға әкеп соқпаған бұзушылық ғылыми әдепті елеусіз бұзу деп танылады.

Ғылыми әдептің елеулі бұзылуы:

1) ғылыми тәжірибенің жеткіліксіздігі;

2) тұлғаның мүдделер қақтығысын жасыруы;

3) егер Комитет осы мүдделер қақтығысын адамға жүктелген міндеттерді орындаумен сыйыспайды деп таныса, адамның мүдделер қақтығысы бар мәселе бойынша адамның әзірлеуге және шешім қабылдауға қатысуы;

4) Қазақстан Республикасының Академиясы және (немесе) ғылыми қоғамдастығы үшін беделге елеулі немесе өзге де залалға әкеп соққан ғылыми әдепті бұзу;

5) бұрын Комитет белгілеген елеусіз бұзушылыққа жол берген адамның ғылыми әдепті қайта бұзуы.

Ғылыми әдептің елеулі бұзылуын қарау нәтижелері бойынша Академия Төралқасы Академияның жалпы жиналысына бұзушылыққа жол берген адамның Академияға мүшелігін тоқтату туралы мәселені шығару бойынша шешім қабылдауы мүмкін.

Академия беретін марапаттарды, сыйлықтар мен стипендияларды беру кезінде ғылыми әдептің елеулі бұзылуы анықталған кезде Комитет елеулі бұзушылықтар анықталған өтінімді қараудан бас тартуды ұсынады.

7.10. Ғылыми әдепті бұзуға жол берген және Академия мүшелері болып табылмайтын адамдар бойынша Академия Төралқасы адамның негізгі жұмыс орны бойынша хабарлама жібереді. Академияның осы тұлғалармен ынтымақтастығы

тоқтатылады.

7.11. Мәселені Комитеттің қарауына шығару үшін осы Кодекстің 7.2-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуын негіздейтін адамның Комитет атына жазбаша өтініші негіз болып табылады.

Өтінішті қажетті негіздеуші материалдармен қоса өтінішті бастамашы адам Комитет хатшысына береді және міндетті тіркеуге жатады.

Комитет хатшысы Комитеттің қарауына келесі материалдарды шығарады:

- 1) қарауға шығарылатын мәселенің мәнін баяндайтын анықтама;
- 2) Комитеттің қарауына шығарылатын мәселенің мәніне қатысты құжаттардың көшірмелері.

Материалдар қағаз жеткізгіште немесе электрондық көшірмелерді Комитеттің жоспарланған отырысы өтетін күнге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын Комитет мүшелеріне электрондық пошта мекенжайларына жіберу арқылы енгізіледі.

7.12. Комитет отырысы келесі форматтарда өткізілуі мүмкін:

- 1) күндізгі нысанда - Комитет мүшелерінің отырысқа нақты қатысуы арқылы немесе Академия қолданатын ZOOM, Microsoft Teams және басқа телекоммуникациялық платформаларын қолдана отырып, синхронды түрде;
- 2) сырттай нысанда - асинхронды түрде, материалдарды Комитет мүшелеріне жіберу және олардың қарауға шығарылған мәселелердің мәні бойынша ұстанымдарын жинау арқылы жүзеге асырылады.

Отырысты өткізу форматы мен күнін Комитеттің басқа мүшелерінің қатысу мүмкіндігін ескере отырып, Комитет төрағасы айқындайды.

7.13. Мемлекеттік органдардың немесе ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің өтініштері негізінде Комитет осы Кодекстің 3.5-тармағында көрсетілген адамдардың қызметіне байланысты емес ғылыми әдепті бұзды деген күдік бойынша материалдарды қарауы мүмкін. Осы жағдайларда Комитеттің қарауына материалдар дайындауды өтініштің бастамашылары жүзеге асырады, ал Комитеттің шешімі негізделген ұсыныс ретінде тұжырымдалады.

8 тарау. Ғылыми әдепті бұзу

8.1. Осы Кодекстің 3.5-тармағында көрсетілген адамдардың ғылыми әдепті бұзуының мысалдары:

1) Қысым көрсететін адамның мүдделер қақтығысы, дәстүрлі ғылыми пікірталас шеңберінен шығатын, оның ішінде қызмет бабын немесе басқа да артықшылықтарды пайдалана отырып, жеке немесе кәсіби мүдделілігі бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қатысатын адамдарға қысым көрсету.

2) Ғылыми зерттеудің сапасына (ғылыми зерттеудің дизайнымен, әдістерімен, ғылыми жаңалығымен және басқа да сипаттамаларымен) байланысты емес әкімшілік немесе өзге де сипаттағы шараларды қолдану және жағдайлар жасау арқылы ғылымдағы адал бәсекелестікті шектеу.

3) Тиісті емес ғылыми практика (осы Кодекстің 5-тарауы).

4) Шешім қабылдауға қатысатын, бірақ тиісті мәселелерді қарау кезінде мүдделер қақтығысы бар адам тарапынан айқын мүдделер қақтығысын жасыру (осы Кодекстің 6-тарауы).

5) Академия атынан осы Кодекстің 3.5-тармағында көрсетілген тұлғаның белгіленген тәртіпте сөз сөйлеуге құқығы жоқ мәселе бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеуі; сондай-ақ Академияның белгіленген тәртіппен қабылданған ресми шешіміне қайшы келетін ұстанымды Академия атынан көпшілік алдында ұсыну.

Егер адам өзі келтірген ұстаным адамның жеке пікірі болып табылатынын және Академияның ресми ұстанымын көрсетпейтінін тікелей атаса, тиісті мәселе бойынша Академияның ресми ұстанымынан ерекшеленетін ұстанымы бар адамның сөйлеуі ғылыми әдепті бұзу болып табылмайды.

6) Зерттеу процесінде ғылыми қоғамдастық дұрыс емес деп таныған әдістерді қолдану.

7) Ғылыми зерттеуге қатыспайтын делдалдарды ғылыми зерттеу материалдары бойынша жарияланым жазу немесе редакциялауға сыйақы үшін тарту, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін коммерциялық мүддені көздейтін басылымдарда («жыртқыштық» басылымдар) жариялау болып табылады.

Осы басылымда белгіленген тарифке сәйкес, делдалдарды тартпай, басылымды тікелей басылымға орналастырғаны үшін төлем ғылыми әдепті бұзу болып табылмайды.

8) Академияның ғылым саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және өзге де қызметінің мәселелеріне қатысты осы мәселелерді Академияның уәкілетті органдарының қарауына шығармай және олар бойынша белгіленген рәсімдерге сәйкес шешімдер қабылдамай айтылған көпшілік алдында сыни сөз сөйлеулер.

Қазақстан Республикасы Академиясының және (немесе) ғылыми қоғамдастығының беделіне нұқсан келтіруге қабілетті жария мәлімдемелерді және (немесе) іс-әрекеттерді болдырмай, белгіленген рәсімдерге сәйкес сынға негіз болып табылатын мәселелерді Академияның тиісті органдарының қарауына шығару әдептілік деп танылады.

9) Бұрын орындалған зерттеулерді жариялау, қаржыландыру алу немесе басқа да жеке немесе кәсіптік пайда алу мақсаттары үшін жаңа зерттеулер ретінде ұсыну.

10) Оларды дайындау үшін генеративті жасанды интеллект (GenAI) пайдаланылған, қандай бағдарламалық қамтамасыз ету (платформа), нақты қалай, қандай бөлікте және қандай көлемде және генеративті жасанды интеллекті пайдалану нәтижелері ғылыми зерттеу нәтижелерінде қалай пайдаланылғаны көрсетілмей, ғылыми зерттеулерді ұсыну.

11) Ғылыми әдістер негізінде жаңа, сенімді ғылыми нәтижелер алумен және ғылыми зерттеулердің сапасын жақсартумен байланысты емес негізсіз өзін-өзі бағалау (*citation manipulation*) және ғылымометриялық көрсеткіштерді жасанды ұлғайтудың басқа да тәсілдері.

12) Объектісі адам және (немесе) басқа да тірі организмдер болып табылатын ғылыми зерттеулер жүргізу үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттарында және Академияның регламенттеуші құжаттарында белгіленген талаптарды бұзу.

13) Зерттеу объектілері болып табылатын адамдарды ғылыми зерттеудің мақсаттары, күтілетін нәтижелері мен тәуекелдері туралы жаңылыстыруға енгізу, олардан көрсетілген ақпаратты әдейі жасыру, сондай-ақ осы Кодекстің 4.10., 4.11.

және 4.12.-тармақтарын сақтамау.

14) Ғылыми зерттеу жүргізу процесінде тұлғаға белгілі болған ақпаратты рұқсатсыз ашу, оның ішінде оны ашуға ықпал еткен, осы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қолданбауы.

15) Бір немесе бірнеше авторлардың авторлар ұжымы алған ғылыми нәтижелерді немесе зияткерлік меншік объектілерін, қалған авторлардың тиісті түрде ресімделген келісімінсіз, пайдалануы.

16) Жарияланымдарды қайталау – авторлардың бір жұмысты немесе оның маңызды бөліктерін бірнеше журналдарда немесе басқа да дереккөздерде, оның ішінде әртүрлі тілдерде, алдыңғы жарияланымға тиісінше сілтеме жасамай және олардың арасындағы айырмашылықтарды нақты көрсетпей, жариялауы.

8.2. Осы Кодекстің 8.1-тармағында келтірілген мысалдар толық болып табылмайды және Кодексті қолдану практикасының әзірленуіне қарай **өзектендіруге жатады.**

Ғылыми әдепті бұзды деген негізделген күдік бар әрбір жағдай бойынша шешімді Комитет, осы Кодекстің 4, 5 және 6-тарауларын ескере отырып, мәні бойынша материалдарды қарауды негізге ала отырып, жеке қабылдайды.

9 тарау. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Кодексті Академияның Жалпы жиналысы бекітеді және Академияның ресми веб-сайтында ашық түрде жариялануға тиіс.

9.2. 3.5-тармақта көрсетілген тұлғалардың Кодекс мазмұнымен таныстыру Академиямен еңбек немесе өзге де қатынастар туындаған кезде, оның ішінде тұлға Академияның мүшесі болып сайланған кезде ресми түрде (қол қоюға қарсы) жүзеге асырылады.

9.3. Академия іске асыратын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың немесе бағдарламалардың бірлесіп орындаушылары болып табылатын ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілері шарттар жасасу кезінде, шартта тиісті түрде көрсетіле отырып, осы Кодекспен танысу фактісін растайды.

9.4. Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігіне қарай,

бірақ кемінде екі жылда бір рет жүргізілетін, өзектілік мәніне ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын тиісті өтініштер негізінде, жүйелі түрде қайта қарау жолымен жүргізіледі.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді Академияның Комитеті мен Басқармасы тиісті ұсыныстарды талқылағаннан кейін Академияның Жалпы жиналысы қабылдайды.

9.5. Комитет хатшысы тиісті шешім қабылданғаннан кейін Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Кодекстің жаңартылған нұсқасы Академияның ресми веб-сайтында өзгерістер мен толықтырулар бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жариялануға тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

Australian Research Council. (n.d.). *Research integrity policy*.

<https://www.arc.gov.au/about-arc/program-policies/research-integrity/research-integrity-policy>

Beauchamp, T. L., & Childress, J. F. (1989). *Principles of biomedical ethics*. Oxford University Press.

Committee of Publication Ethics (COPE). (2019). *Citation manipulation*.

https://publicationethics.org/files/COPE_DD_A4_Citation_Manipulation_Jul19_SCREEN_AW2.pdf

CSIC (Consejo Superior de Investigaciones Científicas). (n.d.). *Research integrity and good scientific practices*. <https://www.csic.es/en/csic/research-integrity-and-ethics-at-the-csic/research-integrity-and-good-scientific-practices>

CSIRO. (n.d.). *Human research ethics in CSIRO*. <https://www.csiro.au/-/media/About/LM/HumanResearchEthicsDLBrochure.PDF>

Enserink, M. (2012). Scientific ethics. Final report on Stapel also blames field as a whole. *Science*, 338(6112), 1270.

<https://doi.org/10.1126/science.338.6112.1270>

French Office for Research Integrity. (n.d.). *What is research integrity?*

<https://www.ofis-france.fr/what-is-scientific-integrity/>

Gundersen, L. C. S. (Ed.). (2017). *Scientific integrity and ethics in the geosciences* (1st ed.). American Geophysical Union.

National Research Council Canada (NRCC). (2018). *Research and scientific integrity Policy*. <https://nrc.canada.ca/en/corporate/values-ethics/research-scientific-integrity-policy>

Saldaña, J. & Omasta, M. (2022). *Qualitative research: Analyzing life*. Sage Publications.

The U.S. Department of Health and Human Services (DHHS). (1978). *The Belmont report:*

Ethical principles and guidelines for the protection of human subjects of research.

<https://www.hhs.gov/ohrp/regulations-and-policy/belmont-report/read-the-belmont-report/index.html>

The U.S. National Science Foundation. (n.d.). *Scientific Integrity Policy* (NSF 24-007).

<https://new.nsf.gov/policies/scientific-integrity>

Treves, A. (2019). Scientific ethics and the illusion of naïve objectivity. *Frontiers in*

Ecology and the Environment, 17(7), 363–363. <https://doi.org/10.1002/fee.2091>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Ұлттық ғылыми кеңестер туралы тізбені және Ережені бекіту туралы» 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №487 бұйрығы.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033466>